



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 43 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І  
2011 жылғы 22 желтоқсан**

***«БТА Банк» АҚ-дағы ахуалға қатысты***

«БТА Банк» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) Банктің Директорлар кеңесінің Банктің борыштық міндеттемелерін қайта құрылымдауға бастамашы болу және кредиторлармен ымыралы уағдаластыққа қол жеткізу мәселесі бойынша 2012 жылғы 26 қаңтарда акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешімін жариялауға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мыналарды хабарлайды.

Ұлттық Банк, жиынтығында ХҚЕС сәйкес капитал тапшылығының өсуіне және ағымдағы шығындарға әкеліп соқтыратын жұмыс істемейтін заемдар деңгейінің жоғары болуы, теріс пайыздық маржа, активтерді қайтару бойынша айтарлықтай шығыстар және Ұлттық Банк репо операциялары шеңберінде беретін өтімділікке тәуелділік аясында қалыптасқан Банктің қазіргі қаржылық жағдайы Банктің активтер мен міндеттемелерді теңгерімдеу бойынша шараларды қабылдауын талап етеді деп пайымдайды.

Осыған байланысты Банктің өзінің борыштық міндеттемелерінің бір бөлігін қайта құрылымдауға бастамашы болуы дұрыс деп қою шарасы болады.

Ұлттық Банк Банктегі ахуалдың дамуын, оның ішінде кредиторлармен келіссөздер жүргізу және оларды 2012 жылдың бірінші жартысында табысты аяқтау мақсатында Банктің тиісті басқару органдарынан қажетті корпоративтік мақұлдаулар алу бойынша ахуалды бақылап отыр.

Бұл ретте Ұлттық Банк борыштық міндеттемелердің бір бөлігін қайта құрылымдау стандартты банк қызметін жүзеге асыруға, оның ішінде Банктің клиенттерге қызмет көрсету, кредиттер беру, депозиттер тарту және депозиттер бойынша төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігіне әсер етпейді деп күтеді.

*Барлық сұрақтар бойынша мына телефондар арқылы хабарласуды сұраймыз: +7 (727) 330-2477, +7 (727) 2596-833; e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)*